	<p>Процесс картасы</p> <p>"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"</p> <p>СМЖ НІП ПК 01 – 2026</p>	<p>Басылым 2</p> <p>Дана №1</p> <p>Бет 1 -11</p>
---	---	--

Колледждің Әдістемелік кеңесінің отырысында қаралып, мақұлданды № 3 хаттама «05» 01 2026ж.




«БЕКТЕМІН»

«Қызылорда медициналық жоғары колледжі» директоры Ж.А. Калмакова «05» 01 2026ж.



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАУ
ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

	<p>Процесс картасы</p> <p>"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"</p> <p>СМЖ НП ПК 01 – 2026</p>	<p>Басылым 2</p> <p>Дана №1</p> <p>Бет 2 -11</p>
---	--	--

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Қызылорда медициналық жоғары колледжі ШЖҚ КМК-да білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – БББ) әзірлеу, сараптау, келісу, бекіту, іске асыру, мониторингтеу және қайта қарау тәртібін айқындайды.

1.2. Осы Ереже келесі құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;
- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құқықтық актілері;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік құжаттары;
- колледждің ішкі нормативтік құжаттары.

1.3. Білім беру бағдарламасы – білім беру процесінің мақсаттарын, мазмұнын, оқыту нәтижелерін, ұйымдастыру нысандарын және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін айқындайтын құжаттар кешені.

1.4. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қайта қарау мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз етуге, еңбек нарығының талаптарына, кәсіби стандарттарға және жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты

Колледжде білім беру бағдарламаларын әзірлеудің, келісудің, бекітудің, мониторингтеудің және қайта қараудың бірыңғай тәртібін белгілеу.

2.2. Міндеттері

- білім беру бағдарламаларының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- мамандар даярлау сапасын жетілдіру;



Процесс картасы

"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"

СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №1

Бет 3 -11

- жұмыс берушілердің білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен қайта қарауға қатысуын қамтамасыз ету;
- денсаулық сақтау саласының заманауи талаптарына сәйкес білім беру мазмұнын өзектендіру;
- білім беру процесіне құзыреттілік тәсілді енгізу.

3. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қайта қарау қағидаттары

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қайта қарау келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- нормативтік талаптарға сәйкестік;
- академиялық еркіндік;
- тәжірибеге бағдарлану;
- құзыреттілік тәсіл;
- сапаны үздіксіз жетілдіру;
- мүдделі тараптардың қатысуы;
- шешім қабылдаудың ашықтығы мен объективтілігі.


4. Білім беру бағдарламасын әзірлеу тәртібі

4.1. Жұмыс тобын құру

4.1.1. Білім беру бағдарламасын әзірлеу үшін директордың бұйрығымен жұмыс тобы құрылады.

4.1.2. Жұмыс тобының құрамына:

- оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары;
- әдіскер;
- циклдік әдістемелік бірлестік төрағасы;
- арнайы пәндер оқытушылары;
- жұмыс берушілердің өкілдері;
- практикалық денсаулық сақтау ұйымдарының өкілдері;
- әлеуметтік серіктестер кіреді.

	Процесс картасы "Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер" СМЖ НП ПК 01 – 2026	Басылым 2 Дана №1 Бет 4 -11
---	---	-----------------------------------

4.2. Әзірлеу кезеңдері

Білім беру бағдарламасын әзірлеу келесі кезеңдерді қамтиды:

Талдау кезеңі

- нормативтік құжаттардың талаптарын талдау;
- кәсіби стандарттарды талдау;
- еңбек нарығының қажеттіліктерін талдау;
- жұмыс берушілердің пікірлерін зерделеу;
- жетекші білім беру ұйымдарының тәжірибесін талдау.

Жобалау кезеңі

- бағдарламаның мақсатын анықтау;
- оқыту нәтижелерін қалыптастыру;
- кәсіби құзыреттерді айқындау;
- бағдарламаның құрылымын әзірлеу;
- оқу жоспарын әзірлеу;
- оқу жүктемесінің көлемін анықтау;
- пәндер мен модульдердің мазмұнын қалыптастыру.

Сараптау кезеңі

- бағдарламаны ЦӘБ отырысында қарау;
- ішкі рецензиялау;
- жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестердің сыртқы сараптамасы.


5. Білім беру бағдарламасын келісу және бекіту

5.1. Әзірлеу аяқталғаннан кейін білім беру бағдарламасы циклдік әдістемелік бірлестіктің отырысында қаралады.

5.2. Қарау нәтижелері бойынша бағдарлама колледждің Әдістемелік кеңесіне жолданады.

5.3. Әдістемелік кеңес келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- бекітуге ұсыну;
- пысықтауға жіберу;

	<p>Процесс картасы</p> <p>"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"</p> <p>СМЖ НП ПК 01 – 2026</p>	<p>Басылым 2</p> <p>Дана №1</p> <p>Бет 5 -11</p>
---	--	--

- бағдарлама жобасын қабылдамау.

5.4. Білім беру бағдарламасы Педагогикалық кеңестің шешімімен бекітіліп, колледж директорының бұйрығымен қолданысқа енгізіледі.

6. Білім беру бағдарламаларының мониторингі

6.1. Білім беру бағдарламаларының мониторингі жыл сайын жүргізіледі.

6.2. Мониторинг барысында:

- білім алушылардың үлгерімі;
- аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелері;
- кәсіптік практиканың өту нәтижелері;
- білім алушылардың қанағаттану деңгейі;
- жұмыс берушілердің пікірлері;
- түлектердің жұмысқа орналасуы;
- институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу нәтижелері талданады.


6.3. Мониторинг нәтижелері ЦӘБ, Әдістемелік кеңес және Педагогикалық кеңес отырыстарында қаралады.

7. Білім беру бағдарламаларын қайта қарау тәртібі

7.1. Қайта қарауға негіздер

Білім беру бағдарламасы келесі жағдайларда қайта қаралады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген кезде;
- мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары өзгерген кезде;
- кәсіби стандарттар жаңартылған кезде;
- жұмыс берушілердің жаңа біліктілік талаптары пайда болған кезде;
- аккредиттеу органдарының ұсынымдары болған кезде;
- мониторинг нәтижесінде кемшіліктер анықталған кезде;
- жаңа білім беру технологиялары енгізілген кезде;
- оқыту нәтижелерін жетілдіру қажеттілігі туындаған кезде.

	<p style="text-align: center;">Процесс картасы</p> <p style="text-align: center;">"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"</p> <p style="text-align: center;">СМЖ НП ПК 01 – 2026</p>	<p style="text-align: right;">Басылым 2</p> <p style="text-align: right;">Дана №1</p> <p style="text-align: right;">Бет 6 -11</p>
---	--	---

7.2. Қайта қарау түрлері

Жоспарлы қайта қарау

Білім беру бағдарламасының мониторингі нәтижелері бойынша жыл сайын жүргізіледі.

Жоспардан тыс қайта қарау

Осы Ереженің 7.1-тармағында көрсетілген негіздер болған жағдайда жүзеге асырылады.

7.3. Қайта қарау рәсімі

Білім беру бағдарламасын қайта қарау мыналарды қамтиды:

- қолданыстағы бағдарламаны талдау;
- жұмыс берушілердің, оқытушылардың және білім алушылардың ұсыныстарын қарастыру;
- бағдарлама мазмұнына өзгерістер енгізу;
- оқыту нәтижелері мен құзыреттерді түзету;
- оқу жоспары мен пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын жаңарту;
- енгізілген өзгерістерге сараптама жүргізу.

7.3.1. Өзгерістер ЦӘБ және Әдістемелік кеңес отырыстарының хаттамаларымен рәсімделеді.


7.3.2. Жаңартылған білім беру бағдарламасы Педагогикалық кеңестің шешімімен бекітіліп, колледж директорының бұйрығымен қолданысқа енгізіледі.

8. Құжаттандыру және сақтау

8.1. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қайта қарау бойынша құжаттаманы жүргізуге жауапкершілік әдістемелік кабинетке жүктеледі.

8.2. Құжаттама құрамына:

- жұмыс топтарын құру туралы бұйрықтар;
- ЦӘБ отырыстарының хаттамалары;

	<p style="text-align: center;">Процесс картасы</p> <p style="text-align: center;">"Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік істер"</p> <p style="text-align: center;">СМЖ НП ПК 01 – 2026</p>	<p style="text-align: right;">Басылым 2</p> <p style="text-align: right;">Дана №1</p> <p style="text-align: right;">Бет 7 -11</p>
---	--	---

- сараптамалық қорытындылар;
- жұмыс берушілердің пікірлері;
- келісу парақтары;
- Әдістемелік және Педагогикалық кеңестердің шешімдері;
- өзгерістерді тіркеу парағы кіреді.

8.3. Құжаттар колледж істер номенклатурасына сәйкес сақталады.

9. Жауапкершілік

9.1. Жұмыс тобы білім беру бағдарламасын сапалы әзірлеуге жауапты.

9.2. ЦӘБ төрағалары бағдарламаларды әзірлеу және қайта қарау жұмыстарын ұйымдастыруға жауап береді.

9.3. Әдістемелік кабинет осы Ереже талаптарының сақталуын үйлестіру мен бақылауды жүзеге асырады.

9.4. Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қайта қарау процесіне жалпы бақылау жүргізеді.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Осы Ереже колледж директорының бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

10.2. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Педагогикалық кеңестің шешімі негізінде енгізіліп, колледж директорының бұйрығымен бекітіледі.

10.3. Осы Ереже білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, іске асыруға және қайта қарауға қатысатын колледждің барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

